# «Кейкі батыр» қойылымы көрерменге жол тартты

**Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының XXI маусымы «Кейкі батыр» тарихи драмалық қойылымымен ашылмақ. Қойылым әуелі көркемдік кеңестің талқысынан өтіп, оң бағасын алды.**




«Кейкі батыр» тарихи драмасы аласапыран заманда ұлтына қорған болған, 1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліс басшыларының бірі, жолбарыс жүрек батыр, атқаны мүлт кетпеген сұр мерген, Кейкі деген лақап атымен танылған Нұрмағанбет Көкембайұлының қилы тағдырын суреттейді.

Ұлт батыры атанған ұлы бабамыздың басынан өткен қиыншылығын, аумалы – төкпелі заман көрінісін қайта тірілтіп, көз алдымызға әкелген «Кейкі батыр» драмасының авторы Серік Тұрғынбекұлы. Қоюшы режиссер Әлия Елубайқызы. Кейкінің рөлінде – Ә. МӘНЕТОВ, О. ҚОЙБАҒАРОВ, Ақжанды сомдаған – Д. ПАРЫЗОВА, А. Нұрланқызы, Шұбар – Б. ЖҮНІСОВ, Е. БАЙЖҰМА, Ібіліс – О. НҰРҒАЛИ, А. АЛМАТОВ және Токарьев – Н. МҰСАФАРХАНОВ, Д. ҚАДЫРХАНОВТАР. Шеберліктері, кәсіби біліктері қандай театрдың әртістерінен болмасын кем түспейтін актерларымыз әдеттегідей өз рөлдерін шынайы сомдап, ақын -журналист М. Жүнісұлы, ақын – ұстаз А. ҚАЛИЕВ, Ы. Алтынсарин атындағы АрқПИ ұстазы Г. КОНКИНА және Арқалық қалалық мәдениет сарайының басшысы А. ЖҰМАБАЕВАЛАР мүшелік ететін көркемдік кеңестің сүзгісінен өтіп, оң бағасын алды.

«Кейкі батыр» премьерасымен маусым сахнасын ашқалы отырған театр ұжымы өнерсүйер қауымға қазан айында көптеген тұшымды туындыларын ұсынбақ. Олардың қатарында: Қ. Қалқатаевтың «Келіндер көтерілісі» комедиясы, Ш. Айтматовтың «Мақта қыз бен мысық» ертегісі, С. Қасымбектің «Мәңгүрт» трагедиясы, Д. Исабековтің «Аяла, мені, аяла» драмасы, Б. Римованың «Шығыс ертегісі», Н. Жұбатқанның «Қос мұңлық» драмасы, Қ. Жүнісовтің «Тапқыр тышқан» ертегісі, С. Маршактың «Ғашықтар» комедиясы және «Мысықтың үйі» ертегісі бар.

Осылайша қазан айының 13 мен 28 аралығында карантиннің салдарынан өнерге әбден шөліркеген ересек және кішкентай көрермендерге рухани азық алуға үлкен мүмкіндік туып отыр. Олай болса, театрға барып, билет алуға асығайық!

Еске сала кетсек, қойылым кезінде барлық санитарлық талаптар қатаң талап етіледі. Көрермен театрға Ashyq қосымшасы арқылы кіріп, бетпердемен әлеуметтік арақашықтықты сақтап отырады. Сондай ақ, бүгінгі тәртіпке сай театрдың 70 пайызын ғана көрерменмен толтыруға рұқсат етілген.

**Дархан АМАНТАЙҰЛЫ**